

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 28 ақпан N 258

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1-7-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң 2 0 0 2 ж ы л ғ ы
2 8 а қ п а н д а ғ ы
N 2 5 8 қ а у л ы с ы н а

1-қосымша

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімгері

2002 жылға арналған

"Астықтың мемлекеттік азықтық резервін жаңарту үшін сатып алуды қамтамасыз ету" 043 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ

1. Құны: 5 413 400,0 мың теңге (бес миллиард төрт жүз он үш миллион төрт жүз мың теңге) .

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Астық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы Заңының 3, 4, 10, 11, 12-баптары; "Мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастырудың, сақтаудың және пайдаланудың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 наурыздағы N 394 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландырудың көздері: республикалық бюджет қаражаты .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: астықтың мемлекеттік азықтық резервін жаңарту, Қазақстан Республикасының жұмылдыру қажеттіктерін және азық-түлік

қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: астықтың мемлекеттік азықтық резервін уақытылы жаңарту үшін астық сатып алу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

!Бағдар! !коды N! !	Кіші !дар. !	Бағдарламаның !(кіші !лама! !ны !ны !код !	Бағдарламаны !бағдарламаны) атауы	Бағдарламаны (кіші іске асыру іс-шаралар	Іске !	Жауапты атқарушылар !мерзі! !мдері! !
1	2	3	4	5	6	7
1	043		Астықтың мемлекеттік азықтық резервін жаңарту үшін сатып алу қамтамасыз ету.	Астықтың мемлекеттік азықтық резервін жаңарту үшін отандық ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерден Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен белгіленген тәртіппен 500 мың тонна мөлшерінде астық сатып	Жыл бойын.	Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Мемлекеттік астық ресурстарын басқару жөніндегі агенттік

Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.11.25. N 258а қаулысымен.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелері: мемлекеттік азық-түлік астық резервін жаңарту және азық-түлік қауіпсіздігін 100%-ға қамтамасыз ету, астық және оны қайта өңдеу өнімдерінің ішкі рыноктағы бағаларын реттеу, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдау.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2002 жылғы
28 ақпандағы
N 258 қаулысына

2-қосымша

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімгері

2002 жылға арналған

"Карантинге жататын импорттық материалдарды
интродукциялық-карантиндік бақылау"

050 республикалық бюджеттік бағдарламаның
ПАСПОРТЫ

1. Құны: 2585 мың теңге (екі миллион бес жүз сексен бес мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 ақпандағы Заңының 7-бабы; "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жүйесінде мемлекеттік мекемелер құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 26 маусымдағы N 941 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден қорғау жөніндегі ережелерді және Карантиндік объектілердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 30 ақпандағы N 1960 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының орталық органдарына ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің штат санын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 ақпандағы N 229 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландырудың көздері: республикалық бюджет қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік зиянкестермен және аурулардың қоздырғыштарымен залалданудан қ о р ғ а у д ы қ а м т а м а с ы з е т у .

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: импорттық өсімдік материалының карантиндік зиянкестермен және аурулардың қоздырғыштарымен көмескі залалдануын а н ы қ т а у ғ а а р н а л ғ а н т е к с е р і с .

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары:

!Бағдар!Кіші !Бағдарламаның !Бағдарламаны (кіші ! Іске ! Жауапты
!ламаның!бағ. !(кіші бағдарлама.!бағдарламаны) іске ! асыру!атқарушылар
!коды !дар. !ның) атауы !асыру жөніндегі !мерзі! !
N! !лама.! ! іс-шаралар !мдері !
! ! н ы ң ! ! ! !
! ! к о д ы ! ! ! !

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

1 050 Карантинге жататын импорттық материялдарды интродукциялық-карантиндік

бақылау

030 Республикалық Осімдіктердің зиянкес. Жыл Қазақстан
интродукциялық- терін, ауруларын және бойы. Республика.
карантиндік арамшөптерді анықтауға нда сының Ауыл
көшеттік арналған сараптамалар шаруашылығы

мен талдаулар және министрлігі

тексерілетін карантинге жатқызылған материалды баптау бойынша агротехникалық іс-шаралар жүргізу арқылы өсімдіктердің тозаңдану кезеңінде шамамен 105 дана жеміс-жидек дақылдарының сорт үлгілеріне (қалемшелер, тікпе көшеттер, тұқымдар, түйнектер, баданалар, түйнектердің тамыры, үлгілердің жемістері) және тексерілетін карантинге жатқызылған материалды баптау жөніндегі агротехникалық іс-шаралар жүргізу жолымен шамамен 3510 дана әртүрлі жеміс-жидек және басқа дақылдардың өсірілген тірі өсімдіктеріне апта сайын зерттеулер жүргізу үшін штат саны 9 адамдық мемлекеттік мекеме ұстау:

- а) тексеруге келіп түскен материалдар үшін тиісті телітуші өсіру;
- б) келіп түскен материалдарды ұластыру, отырғызу немесе себу;
- в) суару, отау, қопсыту, химиялық өңдеу, үстеп қоректендіру, шырпу жүргізу;
- г) карантиндік тексерістен кейін сау егілетін, ұластырылатын немесе тұқымдық

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудың күтілетін нәтижелері: Республикалық интродукциялық-карантиндік көшеттік сараптамасына түскен импорттық материалдардан Қазақстан Республикасының аумағында карантиндік объектілердің таралуын 100%-ға болдырмау.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң 2 0 0 2 ж ы л ғ ы
2 8 а қ п а н д а ғ ы
N 2 5 8 қ а у л ы с ы н а

3-қосымша

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімгері

2002 жылға арналған

"Мемлекеттік астық резервінің ауыстырылуы"

051 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны: 21 000,0 мың теңге (жиырма бір миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Астық туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 ақпандағы Заңының 11-бабы; "Мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастырудың, сақтаудың және пайдаланудың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 наурыздағы N 394 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландырудың көздері: республикалық бюджет қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: республиканың жұмылдыру қажеттілігін және мемлекеттік азық-түліктік астық резервінің сақталуын қамтамасыз ету үшін, мемлекеттік астық ресурстарын басқару жөніндегі агенттің басқаруында болатын, мемлекеттік азық-түліктік астық резервінің бөлігін жеке меншіктегі астық қабылдайтын кәсіпорындардан элеваторларға ауыстыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: мемлекеттік астық ресурстарын басқару жөніндегі агенттің басқаруында болатын, мемлекеттік азық-түліктік астық резервінің бөлігін жеке меншіктегі астық қабылдайтын кәсіпорындардан элеваторларға ауыстыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары:

!Бағдар.!Кіші !Бағдарламаның !Бағдарламаны (кіші ! Іске ! Жауапты

!ламаның!бағ. !(кіші бағдарлама.!бағдарламаны) іске ! асыру!атқарушылар
!коды !дар. !ның) атауы !асыру жөніндегі !мерзі!
N! !лама.! ! іс-шаралар !мдері!
! ! н ы ң ! ! ! !
! ! к о д ы ! ! ! !

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

1 051 Мемлекеттік астық Мемлекеттік астық Жыл Қазақстан
резервінің ресурстары басқармасы бойы. Республика.
ауыстырылуы бойынша агенттік нда сының Ауыл
басқармада болатын шаруашылығы
24 043 тонна мемле. министрлігі
кеттік астық резервін
жеке меншіктегі астық
қабылдау кәсіпорында.
рынан элеваторларға
а у ы с т ы р у

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудың күтілетін нәтижелері: қойма сыйымдылығының - элеваторлардың тола болуына байланысты мемлекеттік астық ресурстары басқармасы бойынша агенттік басқармасында болатын, мемлекеттік азық-түлік астық резервін сақтауға шығындарды азайту; мемлекеттік астық резерві қауіпсіздігінің сақталуы.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң 2 0 0 2 ж ы л ғ ы
2 8 а қ п а н д а ғ ы
N 2 5 8 қ а у л ы с ы н а
4-қосымша

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімгері

2002 жылға арналған

**"Көктемгі дала және егін жинау жұмыстарын жүргізуді
ұйымдастыруға жергілікті бюджеттерді несиелендіру"**

084 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны: 4 000 000,0 мың теңге (төрт миллиард теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы жергілікті атқарушы органдарының несие беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 1440 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландырудың көздері: республикалық бюджет қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге арнап отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді жергілікті бюджеттер арқылы несие ресурстарымен қамтамасыз етуді ұйымдастыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: көктемгі дала және егін жинау жұмыстарын жүргізу кезеңінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге одан әрі несие беру үшін жергілікті бюджеттерге несие беру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары:

!Бағдар!Кіші !Бағдарламаның !Бағдарламаны (кіші ! Іске ! Жауапты
!ламаның!бағ. !(кіші бағдарлама.!бағдарламаны) іске ! асыру!атқарушылар
!коды !дар. !ның) атауы !асыру жөніндегі !мерзі! !
N! !лама.! ! іс-шаралар !мдері !
! ! н ы ң ! ! ! !
! ! к о д ы ! ! ! !

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

1 084 Көктемгі дала Қазақстан Республи. Жыл Қазақстан
және егін жинау қасының Үкіметі анық. бойы. Республика.
жұмыстарын тайтын Көктемгі дала нда сының Ауыл
жүргізуді ұйым. және егін жинау жұ. шаруашылығы
дастыруға жергі. мыстарын ұйымдастыру. министрлігі
лікті бюджеттер. ға арнап жергілікті
ді несиелендіру бюджеттерге несие беру
ережесіне сәйкес ауыл
шаруашылығы тауарын
өндірушілерге көктемгі
егіс және егін жинау
жұмыстарын жүргізуге
жергілікті бюджет
қаражатынан белгілен.
ген тәртіппен несие

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудың күтілетін нәтижелері: көктемгі дала және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қаражат қажеттігінің 30%-ға жуығын қамтамасыз ету;

көктемгі дала және егін жинау жұмыстарын уақытылы жүргізу;
ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыру;
ауыл шаруашылығы өнімінің бәсекеге жарамдылығын қолдау;
ауыл шаруашылығы өндірісінің пайдалылығын арттыру;
несиелердің мақсатты, тиімді пайдаланылуы және республикалық бюджетке уақытылы қайтарылуы.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң 2 0 0 2 ж ы л ғ ы

2 8 а қ п а н д а ғ ы

№ 2 5 8 қ а у л ы с ы н а

5-қосымша

ЕСКЕРТУ. 5-қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.12.18. № 2586 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімгері

2002 жылға арналған

"Лизингтік негізде ауыл шаруашылық техникасымен қамтамасыз ету"

085 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны: 1 100 000,0 мың теңге (бір миллиард бір жүз миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Қаржылық лизинг туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 5 маусымдағы Заңының 2-бабы; "Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы жергілікті атқарушы органдарының несие беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі № 1440 қаулысы; "Ауыл шаруашылығында лизинг ұйымдастырудың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 наурыздағы № 405 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландырудың көздері: республикалық бюджет қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: машина-трактор паркін жаңарту үшін ауыл шаруашылығы техникасын лизингке беру арқылы отандық ауыл шаруашылығы т а у а р ы н ө н д і р у ш і н і қ о л д а у .

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: ауыл шаруашылығы тауарын

өндірушілерге кейіннен лизингке беру үшін ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

!Бағдар!Кіші !Бағдарлама !Бағдарламаны (кіші !Иске ! Жауапты
!лама !бағ. !(кіші бағдар!бағдарламаны) іске !асыру! орындау.
!коды !дар. !лама) атауы !асыру жөніндегі !мерзі! шылар
N! !лама ! ! іс-шаралар !мдері!
! ! к о д ы ! ! ! !

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

1 085 Лизингілік Заңнамада белгілен. 2002 Ауыл ша.
негізде ауыл ген тәртіппен қарыз жылдың руашылығы
шаруашылығы алушы банкті анықтау нау. министр.
техникасымен мақсатында конкурс рызына лігі
қамтамасыз өткізу; дейін

ету

Қазақстан Республ. жыл Ауыл ша.
касының Үкіметі ішінде руашылығы
бекіткен лизингтік министр.
негізде ауылшаруа. лігі,
шылық техникасымен Қаржы
қамтамасыз етуді министр.
несиелендіру ереже. лігі
сіне сәйкес кредит.

тік ресурстар бөлу;

бюджеттік бағдарла. жыл қарыз
маның әкімшісі ішінде алушы банк
бекітетін номенкла. арқылы
тураға сәйкес қарыз Ауыл ша.
алушы банктің жаңа руашылығы
ауыл шаруашылық министр.
техникасын сатып лігі

алуы;

заңнамада белгілен. толық қарыз
ген тәртіппен іске алушы банк
қарыз алушы банктің асырыл. арқылы
сатып алынған жаңа ғанға Ауыл ша.

ауылшаруашылық дейін руашылығы
техникасын лизингке министр.
орналастыруы. лігі

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудың күтілетін нәтижелері: машина-трактор паркін 3%-ға жаңарту; ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің тапсырыстарына сәйкес ауыл шаруашылығы техникасымен 15%-ға қамтамасыз ету; егіс алаңдарын ұлғайту; ауыл шаруашылығының материалдық-техникалық базасын жақсарту, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің еңбек өнімділігін арттыру, аграрлық секторда қосымша жұмыс орындарын ашу, ауыл шаруашылығының әлеуметтік-экономикалық жай-күйін жақсарту; несиелерді мақсатқа сәйкес, тиімді пайдалану және республикалық бюджетке уақытылы қайтару.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң 2 0 0 2 ж ы л ғ ы
2 8 а қ п а н д а ғ ы
N 2 5 8 қ а у л ы с ы н а

б-қосымша

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімгері

2002 жылға арналған

**"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінде
ақпараттық жүйесін қолдау"**

500 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны: 21 229 мың теңге (жиырма бір миллион екі жүз жиырма тоғыз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасының біртұтас ақпараттық кеңістігінің тұжырымдамасы және оны жүзеге асыру шаралары туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 30 қарашадағы N 715 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ақпараттық-маркетингтік жүйесін қалыптастыру мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 30 қарашадағы N 1627 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландырудың көздері: республикалық бюджет
қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Мемлекеттік органдармен және мемлекеттік емес құрылымдармен аумақтық басқармалармен өзара шұғыл әрекеттестік үшін Қазақстан Республикасының ақпараттық-маркетингтік жүйесін қолдау, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету.

2 8 а қ п а н д а ғ ы
N 2 5 8 қ а у л ы с ы н а
7-қосымша

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімгері

2002 жылға арналған

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінде ақпараттық жүйелер құру"

600 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ

1. Құны: 13 954 мың теңге (он үш миллион тоғыз жүз елу төрт мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасының біртұтас ақпараттық кеңістігінің тұжырымдамасы және оны іске асыру шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 30 қарашадағы N 715 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ақпараттық-маркетингтік жүйесін қалыптастыру мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 30 қарашадағы N 1627 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландырудың көздері: республикалық бюджет қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мемлекеттік органдармен және мемлекеттік емес құрылымдармен, аумақтық басқармалармен өзара шұғыл әрекеттестік үшін Қазақстан Республикасының ақпараттық-маркетингтік жүйесін құру және дамыту, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: ақпараттық-маркетингтік жүйенің одан әрі жұмыс істеуі үшін бағдарламалық өнім енгізу, техникалық қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары:

!Бағдар.!Кіші !Бағдарламаның !Бағдарламаны (кіші ! Іске ! Жауапты
!ламаның!бағ. !(кіші бағдарлама.!бағдарламаны) іске ! асыру!атқарушылар
!коды !дар. !ның) атауы !асыру жөніндегі !мерзі.!
N! !лама.! ! іс-шаралар !мдері !
! ! н ы ң ! ! ! !
! ! к о д ы ! ! ! !

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

1 600 Қазақстан Респуб. 1. ҚР АШМ АҚЖ марке. Жыл Қазақстан

ликасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ақпараттық жүйесін құру тингтік кіші жүйесін әзірлеу және енгізу - 215; ұйымдастыру техника. ларын сатып алу:

- 1) бейнелі проектор экранымен - 1;
 - 2) ксерокс - 2;
 - 3) сканерлер - 3;
 - 4) түрлі-түсті лазерлік принтер шығын материалдарымен - 1;
 - 5) ноутбуктер - 2.
3. аумақтарда бағдарламалық қамтамасыз етуді инсталляциялау - 203 нүкте

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудың күтілетін нәтижелері: мемлекеттік органдарды ақпараттық қамтамасыз ету дәрежесі - 100%.